

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Raev_53@mail.ru

**ҚАЗАҚ БИ-ШЕШЕНДЕРІ:
«ЕЛ БІРЛІГІ»
ТҰҒЫРНАМАСЫНЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ-
ӘДІСНАМАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

Ең алдымен, бұл мәселенің бүгінгі күні өзектілігі төңірегіндегі мәселеге тоқталатын болсақ, оны бірнеше факторлармен негіздеуге болады. Қазақстанның өз тәуелсіздігін алғаннан бергі кезеңде Елбасының ресми және бейресми мінберлерден сөйлеген сөздерінде, әр жылғы Халыққа Жолдауларында елдің бірлігі мәселесінің доминанттық статусқа ие болуы аталмыш тақырыптың өзектілігін сабақтай түседі. Мәселен Ел Президенті қазан айының басында Тараз қаласында, Қазақ халқының 550 жылдығына арналған монументтің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Тарихымызға үңілетін болсақ, халқымыздың тарихы бірлікке негізделген»[1], – деген тұжырым жасаса, енді бірде: «Қазақ басын қосып, біріккен кезде ешбір жауға берілмеген, жеңіп шығып отырған. Қазақ ыдырап, жан-жаққа бөлініп кеткен кезде, жау келіп басып алған»[1], – дей келіп, «Осы тәлімді біз ешуақытта естен шығармауымыз керек. Бірлігімізді ұстауымыз қажет»[1], – деп үндеу тастайды. Шындығында бұл жағдаят «әлеуметтік бірлік» категориясының қоғамдық, мемлекеттік, аймақтық, халықаралық, жаһандық, жалпы адамзаттық дәрежеде маңызының өсуін білдірсе керек. Осыдан келіп шығатын тағы бір мәселе – бүгінгі қоғамда әлеуметтік бірліктің әлсіреу тенденциясының қалыптасуы. Әлеумет бірлігі мен тұтастығы жаһандық мультиөзекті мәселені құрап, қазіргі заманның мегатрендіне айналды деуге негіз бар. Демек, қоғам мен мемлекет шеңберінде әлеуметтік бірлікке деген эмпирикалық сұраныс бар. Осыдан мәселенің теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерттелуі қажеттігі туындайды.

Қоғамның қазіргі әлеуметтік санагерлік болмысындағы универсальды ұғымдар мен прагматикалық ұғымдар арасындағы қайшылықтар әлеуметтік бірлік категориясының шынайы болмысын түсінуге көлеңке түсіреді. Қоғамдағы прагматикалық санада әлеуметтік бірлік категориясы тұрғысындағы эмбебап-константтық түсінікті халық жадында қалыптастыру қиындайды. Сондықтан әлеуметтік бірлік ұғымы халық санасында жалпыадамзаттық онтостық құндылық ретінде қалыптасудан көрі, фрагментарлы, эпизоттық, жағдаяттық сипат алу дәстүрі қалыптасып, топтық, страттық, өңірлік, аймақтық және т.б. мүдделер экзистенциясына айналғандық басым десек қателеспейміз. Міне, осы бір қоғамдық прагматикалық

тұтынушылық «әлеуметтік дағды» аталмыш мәселенің іргелі рухани құндылық ретінде халық санасына сіңірілуіне қыйындықтар туғызады.

Бұл феномен жөнінде қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік санасында қалыптасқан этномәдениет, метатеориялық семантикамен қазіргі дәуірдегі заманауи тағылымдары, ғылыми теориялық ұстындар арасындағы тарихи-логикалық сабақтастықтың үзілуі мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Өйткені, қазақ даласында көнеден қалыптасып шыңдалған әлеуметтік бірлік жөніндегі өсиетнама мен тәжірибе-тарихнама аса маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде кешенді зерттелмеуі себеп. Мәселен, Сейдімбек Ақселеу «... көшпелілер қоғамындағы адам сапасының тарихи-әлеуметтік сыр-себебі қоғамдық тетігі арнайы зерттеудің объектісі болған емес» [2, 117 б.], – деп көрсетеді. Бұл дәлелдерден шын мәнісінде қазақ қауымындағы қоғамдық сананың тарихи-этикалық болмысы – сыры, оның әлеуметтік татулық тұрғысындағы имманентті көздері ғылыми да, эмпирикалық жағынан да арнайы зерттелмегендігін байқаймыз.

Мәселенің өзектілігі қазақ менталитетіндегі әлеуметтік бірлік тұрғысындағы рухани құндылықтардың мемлекеттік дәрежедегі әлеуметтік-саяси мәртебесі мен маңызын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ашып көрсету қажеттігінің пайда болуымен байланыстырылады. Осы орайда бүгінгі Қазақстан халқының әлеуметтік мінез-құлқын бірлікке қарай тәрбиелеуде ұлтымыздың дәстүрлі төл қағидаларын қалай кәдеге жарату керек, әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етуге ықпалын тигізетін адамдардың өзара қарым-қатынас эталоны не болады және олар қандай бастау көздерге негізделуі тиіс дейтін сұрақтар тұрады. Сол бір әлеумет тұтастығына қатысты ментальдық мәдениет көзін ұлтымыздың шешендік өнерінен іздеу мақсаты көзделеді. Ондағы сүбелі ойларды әлеуметтік бірлік феномені тұрғысынан теориялық-әдіснамалық талдама жасап, дәстүрлі мұраттар мен құндылықтарды ғылыми айналымға енгізу мақсаты көзделеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ендігі жерде креативті идеология тұрғысынан қазақтың би-шешендерінің әлеуметтік татулық философиясы хақындағы дүниетанымдық ұстанымдарын танып, зерттеу қажет деп есептейміз. Дала шешендік өнерінде қазақ елінің әлеуметтік өмірінің біртұтастығын нығайтып, дамудың ұйытқысы болатын рухани ұстанымдар молынан жатыр. Елдің ұлттық әлеу-

меттік мәдениетіндегі азаматтық бірлікті ту еткен гуманистік ұстанымдардың қоғамдық қатынастағы біртекті сыйласымды әлеуметтік мінез жүйесін, әлеуметтік үйлесімділікті қалыптастыруда атқарар рөлі зор.

Міне осыны ескере отырып, аталмыш мақалада қазақ жұртының ұлттық ішкі татулығына алтын қазық болып, елдің этноәлеуметтік мінез-құлқының құрылымы мен құраушы этносына айналған, дала демосфендерінің ақылының төрінен орын алған, ой жүйесінің мәйегі болған, сөйлегенде тілінің ұшында болған метатеориялық рухани құндылықтарға, ұстанымдарға бүгінгі зайырлы теориялық-әдіснамалық модель тұрғысынан кейбір герменевтикалық талдама жасауға қадам жасалады.

Біріншіден, әлеуметтік бірлік – ұғымы жалпы ейкумендік тұрғыдан алғанда онтогенездік феномен деп есептейміз. Бұл орайда бірнеше дәлелдерді келтіруге болады.

Оған дәлел, адам – әлеуметтік жаратылыс. Адамға жаратылысынан бірігіп өмір сүру қасиеті тән. Классикалық көзқарасқа зер салсақ, Карл Ясперс: «Адам бар жерде ғана тарих бар», – дей келіп, «... егер дүниежүзілік тарихтың бастау көзі бар болатын болса, онда ол тек эмпирикалық құбылыс болуы тиіс және барлық халықтарға ортақ болуы тиіс», – десе, енді бірде: «Тарих – ол жекелеген адамдардың табанды да тұрақты алға қарай жылжуы» [3, 117 б.], – деп көрсетеді. Қазақтың рухани мәдениетінде: «Жалғыздық Аллаға жарасқан», – деген мәтел сөз, «Ер елінде көгерер», «Ер жігіт өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз адам қорған болмас», «...Ел ауырын ер көтереді», «Ер – елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы», «Ханның ісі қараға түседі... Халық қаласа хан түйесін сояды» (Балпық би), – деп келетін мақалдар мен шешендік шиырдан құралған нақыл қалған. Бұл келтірілген нақыл сөздер адам тек әлеуметтік ортада дүниеге келеді және тек сол ортада ғана қозғалысқа түсіп, өмір сүреді әрі осы ортада өмірден өтеді. Мұнда адам болмысы әлеуметтік орта үшін онтологиялық мән ретінде қарастырылады. Әлеуметтік орта әлеуметтік субъектісіз болуы мүмкін емес, яғни адамның өзінде онто-әлеуметтік қасиет болады дейтін идея жатыр. Қазақтың әлеуметтік санасында: «Тіршілігінде ең кем дегенде төрт адаммен сыйлас», – деген онтогенездік пастулат орныққан. Мұның ішкі логиасын ашатын болсақ, өлгенде сен көрге өзің домалап түспейсің, сенің дененді жер бесіктің төрт құлағынан ұстап қабырға көтеріп апаратын төрт жанашырын

болуы керек дегенге меңзейді. Ал бұның астарында кем дегенде сөл төртеумен тіршілігінде ауызбіршілікте бол дейтін насихат жатыр. Бұл жерде адамның ішкі мәніндегі онто-қасиет оның әлеуметтік болмысына қатысты болмақ деген ой жатыр. Себебі адамдағы социоонтос оны әлеуметтің психофизикалық субстраты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Міне, осының өзі метатеориялық әрі әдіснамалық тұғырнама десек артық айтпағандық.

Осыдан туындайтын тағы бір онтогенездік дәлелдемелік нұсқа – ол әлеуметтік жаратылысқа тән интеграциялық центризм **универсумы**. Интрцентризм – адамзатының физикалық және рухани болмысына тән интенсиялық құбылыс. Оны «У ішсең руыңмен», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Адамның күні адаммен», – деп келетін халық нақылдары анық көрсетеді. Олай болса, адамдар арасындағы коммуникация – ең алдымен адам болмысының құрылымдық компоненті, сонан соң әлеуметтік тұтастықтың универсальды шарты деген идея сүлесі. Коммуникациядан тыс адам бостандығының болуы, екінші сөзбен айтқанда, қарым-қатынасыз еркіндік болуы мүмкін емес. Міне, осындай теориялық пайымдауларды негізге ала отырып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың да Батыстық үлгіге ұқсамайтын өзінше этникалық үрдістерінің болғандығын айтуға болады. Қоғамдағы вертикалды әлеуметтік қатынас хан мен қараша, күнге дейінгі аралықтағы қатынас тізбегін құрайды. Біздің пікірімізше, әлеуметтік маңызы зор және әлі ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеле қоймаған мәселенің бірі – қазақ қоғамындағы әлеуметтік коммуникацияның горизонтальды түрі. Бұл қатынастарды жүзаралық қатынас, руаралық қатынас және туысқанаралық қатынас деп бөлуге болады. Біздің пікірімізше туыстық-қандастық (генеологиялық) қатынас қазақ ұлты үшін жалпы және кең ұғым әрі бұл қатынас қоғам өміріндегі ең бір ірі әлеуметтік үрдіс. Осы гендік тұтастыққа негізделген коммуникация қазақ үшін онтостық бастама деп айтуға болады. «Қарға тамырлы қазақ» дейтін сөз тіркесінің әлеуметтік коммуникациялық мәні сонда болса керек. Мысалы, «Кеңесің барда кең толға», «Көппен көрген ұлы той», «Ағаштан ағаш рен алады, адамнан адам тәлім алады», «Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп», «Ат берсең аумағыңмен ақылдас, қыз берсең аймағыңмен ақылдас», – деген мақал-мәтелдер оған дәлел болады. Олай болса қазақ үшін әлеуметтік коммуникация – өмір сүру шарты.

Сондай-ақ, әлеуметтік коммуникация – қазақ халқы үшін моральдық-этикалық онто-болмыс. Мысалы, осы орайда «Алыстағы туыстан, жақындағы көрші артық», – деген мақалдың коммуникативтік мәніне үңілетін болсақ, мұнда көрші әр адамның әлеуметтік коммуникациялық кеңістігінің бірі дейтін және көрші әлеуметтің ынтымақ-бірлікте өмір сүруінің отбасылық қатынастан кейінгі субдеңгейін білдіреді деген идея жатыр. Осыған байланысты тағы бір ой – ол қазақ өркениетіндегі әлеуметтік коммуникацияға қатысты діни-этикалық онтостық құбылыс. Мысалы, «көрші ақысы – тәңір ақысы», демек, көршімен дұрыс қарым-қатынаста болу діни таным бойынша мұсылманға тән шартты құбылыс. Көршімен тату болу – әр пенденің Алла алдындағы парызы болып саналады. Діни көзқараста: «О дүниеге барғанда көршіңмен қалай тұрдың деген сұрақ болады. Сонда көрші сені жақсы десе жақсы боласың, ал сені жаман десе жаман боласың», – деген түсінік бар. Көршімен оң қарым-қатынаста болу діни коммуникация бойынша әр адамның онтоболмысы деп айтуға негіз бар. Осыдан «Елді жамандама, жүретұғын жерің», «Көпті жамандама көмүсіз қаласың», – деген тағлымдық ұстаным қалған. Алдыңғысы «елді» адамның коммуникативтік онтоортасы ретінде анықтап тұрса, кейінгісі «көпті» адамның коммуникативтік мәдениетінің өлшемі ретінде көрсетеді. Мысалы «Домбырам әнге келмес бұрамаса, кім білер кімнің жайын сұрамаса», – деген қазақ мақалы осының дәлелі. Бұлар бер жағында әлеуметтік коммуникацияға, әркі жағында әлеуметтік бірлікке қызмет жасап тұратын ұлттық онтогендік теориялық парадигма деп айтуға болады.

Ал «Ұлы жақсымен ауылдас болсаң, ұлы жақсы, қызы жақсымен ауылдас болсаң, қызың жақсы», – деген мақалдан әлеуметтік коммуникацияның тиімді прагматикасын аңғаруға болады. Қазақтың дала өркениеті әлеуметтік қарым-қатынастың тәрбиелік қызметін алға тартады. Қазақ үшін әлеуметтік коммуникация адам тәрбиелеу этосы. Осыдан ел арасында «Үй сатып алма, көрші сатып ал», – дейтін ұстаным қалған. Бала тәрбиесінің дұрыс болуы үшін жақсымен жақындасуға, қарым-қатынас жасауға ынталы болған.

Тағы бір дәлел, бірлік – ол әлеуметтің бар болу кеңістігі. Олай болса, адамзатының бар болу контексіндегі бірлік феномені қазақ үшін тіршілік ету, өмір сүрудің онтоэтосы болып табылады. Мысалы, қазақтың «Бірлік бар жерде тірлік бар», – деген мақалы соның кепілі.

Демек «бірлік» қазақ үшін тіршілік тынысы әрі адамзаттың бар болу өлшемі, кепілдемесі. «Бірлік» қазақ мәдениетінде әлеуметтің бар болу онтосубстанциясы. Қазақ өркениетінде «Береке қайда барасың – бірлікке барамын», «Ырыс алды – ынтымақ», – дейтін акмәөлшемдік ұстаным қалыптасқан. Бірлік бар болса, береке болмақ, соның нәтижесінде адамзаттың бар болуы қамтамасыз етіледі идеяны аңғару қиын емес. Береке, байлық, жақсы тұрмыс, әлеумет әлеуеті бірлікке тәуелдендіріледі. Бұл қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық концепцияны білдірсе керек. Елдің материалдық жетілу әлеуеті бірлікке бағынышты дейтін танымдық тұғырнаманы айқын көреміз. Бірлік – елде материалдық базаның қалыптасу өлшемі әрі шарты. Сонымен бірге Елбасының Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Астанадағы салтанатты жиналысында сөйлеген сөзіне құлақ түрсек: «Бірлігі жарасқанда даңқы асып, билікке таласқанда берекесі қашқан» [4], – дегенді аңғарамыз. Ал әлеумет бірлігі жоқ жерде – кез келген әлеуметтік бүтіннің болуы мүмкін емес. Ол – аксиома. Осыдан қазақтың «Бақыт – бақыт емес, бірлік – бақыт», – деген абсолютті акмәұстанымы келіп шығады. Бұл әл-Фариден бері келе жатқан «Бақытты қоғам» концепциясының логикалық жалғасын білдіреді. Бірлік – бақыттың кілті болмақ. Демек, бақыт қазақ халқы үшін басты онтологиялық бастама, акмәжетістік. Олай болса, онтостық тұрғыдан алғанда «бірлік» ұғымы адам үшін әрі объективті-әлеуметтік, әрі субъективті-әлеуметтік әлем, адамның интерсубъективті айналым ортасы. Ал «бақыт» субъектінің семиотикалық қалпы.

Келесі дәлел бірлік ұғымының этногендік тамырының бар екендігін байқауға болады. Әйтеке бидің сөзімен айтқанда: «Адам бірге туыспау керек, бірге туысқан соң сөз қуыспау керек», – дейтін қазақта осыған байланысты мықты ұстаным бар. Мұнда қазақ үшін «бірге туысу» – ол ұлт білігі мен тұтастығының рухани жалауы, философия тілімен айтқанда, этонтоғыстырушы бастама. Қазақтың әлеуметтік мәдениетінде туыстық жақындық әлеуметтік байланыс пен бірліктің онтогендік тірегі. Туыстық қатынас, бір жағынан, қазақтың бар болуының тек тамыры, екінші жағынан, әлеуметтік бірліктің болмыстық бітімінің көріну формасы. Туыстық жақындық қазақ жұрты үшін әлеуметтік бірлікті сақтаудың темір қазығы, онтоферасы деп нақ айтуға болады. Осыған Бәйдібек бидің: «...Бәріміздің түбіміз бір емес пе? ...Одандағы ынтымақ, бірлік, достық, сыйластықты сақтайық

та!» дей келіп, «Тірлік басқа болса да, тілек бір, бармақ басқа болса да, білек бір», – деп айтылатын шешендік нақыл сөздерін дәлелге тартуға болады. Бәйдібек бидің «...Бәріміздің түбіміз бір емес пе?» деген постулаты этноонтостың біреу екендігіне сілтеме жасайды. Ал «...Одандағы ынтымақ, бірлік, достық, сыйластықты сақтайық та!» дегені алдыңғы айтқанына меңзей отырып, бірлікте болудың болмыстық негізі болады дейтін идеяға жетелейді. Демек, «ынтымақ», «достық», «сыйластық» адам эгосының әрі рухани даму аландарын анықтаса, әрі бірліктің семиотикалық көзі болатындығын, әлеуметтік бірлікке қол жеткізу құралдары болуынан хабар береді. «Тірлік басқа болса да, тілек бір, бармақ басқа болса да, білек бір», – дегенге мазмұндық талдау жасасак, «тілек бір», «білек бір» ұғымдары әлеуметтік қатынастағы инстанция мен дистанцияны меңзей отырып, елді әлеуметтік бірлікке қарай ойыстырудың этногендік жүйені меңзейді. Төле бидің: «Ала көз болу ағайын адамға лайық па?», – деп келетін шешендік нақылынан да сол сияқты ойды аңғару қиын емес. Төле бидің «ағайын адам» ұғымы әлеуметтік ортадағы туыстық қатынастың мықты болуын шегелейді. Ағайындық, біріншіден, адамның субкеңістіктік-уақыттық өмір сүру жағдайы және ментальдық кеңістігі. Екіншіден, ағайындық – адамның әлеуметтік мәртебесін көрсетіп, әлеуметтік бірлікке қатысты жауапкершілікті жүктейді. Үшіншіден, ағайындық – бірліктің этногендік әлеуетін айқындайды. Мұнда «ағайындық» әр адам үшін этно-эго, ал ол әлеуметтік бірлікті сақтауда онто-эго болуы керек дейтін идея бар деп айтуға болады. Олай болса, мұның астарында ағайындыққа негізделген бірлік антроптық құбылыс дейтін ой жатқандығын айту лазым. Міне, осыдан қазақта «Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп», – деген нақыл сөз қалған.

Осыған байланысты шешендік өнердің әлеуметтік бірлік тұрғысынан идеялық қорды еселей түсетін тұстары – ол туыстық-қандастық әлеуметтік жүйедегі әр топтың, әр буынның бір-біріне генеологиялық байланысын қазақы менталитетке сай ерекше құндылық жүйесін құру арқылы берілуі. Ол ерекшелік туыстық байланыстың адамзатына тегінен «кім жақын?», «не қымбат?» деген сияқты тек вертикальды байланысты күшейте түсетін категориялар арқылы бейнелей берілуінде деп есептейміз. Мәселен, Қазыбек би осы сұрақтарға былайша жауап береді: «Тату болса, ағайын жақын, ақылшы болса, апайын жақын. Бауырмал болса, інін

жақын. Алдына тартқан адал асың, қимас жақын – қарындасың. Сыбайлас болса, нағашың жақын. Адал болса, досың жақын, еркелейтін немерен жақын. Өз ұрпағың – шөберең жақын. Жан серігің жас кезіннен, бәріненде әйелің жақын». Әрі қарай осы пікірді Қабан би: «Сүйеуші болса, нағашың жақын. Өз ұрпағың – немерен жақын. Сүт иіс – шөберең жақын», – деп жалғастырады. Бұл ой толғам қазақ нақылдарында «кісіге туыс жақын» деген пікірмен қорытындыланады. Міне бұл дала сөзмерлерінің өз әлеуметтік бірлік идеясын «кім жақын» концепті аясында қарастырудың әдіснамалық тұғырнамасын мойындатады. Мұнда да жоғарыда айтылған қазақ әлеуметіне жарасты бірлік феноменінің іске асырылу логикасындағы иерархиялық инстанция жүйесі және әрбір әлеуметтік страттың бірлікке қатысты мәртебесі мен функционалдық қызметінің ментальдық тізбегі айдан анық байқалады. Осының өзі қазақ даласындағы әлеуметтік бірлік жүйесінің этногендік акмэологиясын аңғартады.

Қазақ шешендері азаматтық татулық пен әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етудің келесі нұсқасын, бұл тіршілікте адамзат араласы үшін «не қымбат?» деген рухани құндылықпен дәнекерлеген концептсферадан байқаймыз. Мәселен, Қазыбек би: «Құт берекең – атаң қымбат, аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат, асқар тауың – әкең қымбат, өзің сүйген жар қымбат», – дей келіп, соңында: «Туып-өскен елің қымбат», – деген шешендік жолдармен толғайды. Қазыбек бидің шешендік толғауынан әлеуметтік жақындық иерархиясының этно-онтостық қисынын байқай отырып, әлеуметтік бірлікке қызмет ететін «қымбат» ұғымының онто-этногендік статуска көтерілгенін көреміз. Соңында ол туыстық бірліктің елдің тұтастығы үшін қажет екенін ескертеді. Ал, Қабан би: «Әлпештеген анаң қымбат, еркелеген балаң қымбат, жақсы дос, жарың қымбат», – деп жырласа, соңында: «Бәрінен де ұят пен арың қымбат», – деп ой толғайды. Мұнда да сол логика бар, сонымен бірге Қабан би этноәлеуметтік татулықты «ұят» пен «ар» акмэолшемге бағындырады. Бірлік – ұят пен ардың ажары, ал бірлік болмаса – оларға нұқсан. Бұл – қазақтың рухани мәдениетіндегі әлеуметтік бірлікке қатысты метатеориялық әдіснама тұғыры. Айтылған ойлардың тұжырымын Шоған би өзінің шешендік арнау сөзінде: «... дүниеде туысқан қымбат, туысқан намысын қуысқан қымбат!», – деп береді. Міне, бұл қазақтың әлеуметтік бірлікке байланысты этногендік метатеориясының шыңы деуге болады.

Олай болса, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әлеуметтік бірлік тұтқасы – адам айналасындағы туған-туыстың, елдің, достың, ар мен ұяттың «қымбат» сөзімен белгіленген рухани феномені. Адамдардың осы категорияларының бір-біріне деген ерекше жақындық энергетикасы бұл тұста әлеуметтік бірлік дәнекері қызметін атқарып тұр деуге болады. Осы айтылғандардан дәстүрлі қазақ қоғамындағы туыстық ұстанымға негізделетін әлеуметтік қатынастың ерекше тұғырнамалық моделін айқын көре аламыз. Бұл – дала әлеуметінің ынтымақтастық пен тұтастықта болуының онтогенездік тамыры. Біздің пікірімізше, міне сол бір кеңінен ойлап, пішетін кемеңгерлік туыстық байланыс әлеуметтік бірліктің тұрақты субстанциясы болған десек қателеспейміз.

Екіншіден, қазақ даласындағы әлеуметтік бірлікке метатеориялық негіз болатын құбылыс – ол қазақтың дәстүрлі қоғамындағы экожүйе мен әлеуметтік жүйенің онтогенездік байланысы туралы тұғырнамалық түсінік. Оған мысал: «Құлы ғой, табиғаттың – жаратылыс, еріксіз бағынады оған тұрмыс, – дейтін ұстанымы немесе «Елдің көркін көрсеткен – көшіп қонған даласы» (Бөкен би), «... кендігімді ұлан далама тапсырдым» (Шоған би), «Қара жерге халық ие ...» (Айтуар би), – деген шешендік нақыл сөздер. Көшпелі қазақ қоғамының өмір салты, тіршілік көзі өздері ғұмыр кешкен даласымен тамырлас екендігін мойындағандықты білдіреді. Осының өзі ел бірлігіне базалық субстанция болған деп теориялық-әдіснамалық болжам жасауға болады. Мұның мәніне үңілсек, оның себебі адамзаттың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық даму қуаты тек байтақ далаға байланысты болды, ал далада жалпы игілік атаулыны тек қана малдың тұяғымен жасауға болатын еді. Олай болса, қазақ малының ыңғайымен, малы табиғаттың ыңғайымен қозғалды. Демек, адам өмірі деген ұғым оған онтостық бастама болған негіз қос шарттылықты қамтитындығын байқаймыз. Бірі – адамның бар болуы болса, екіншісі – оның тіршілік экоортасы. Осыдан адам – тек экоортаға келуге мәжбүр болатын және оны жамылып өтетін жаратылыс деген теориялық-әдіснамалық тұжырым жасауға болады. Осы орайда «Ырысқа қарай ел өсер, қонысқа қарай мал өсер», – дейтін ұстаным болды.

Бұдан туындайтын алғашқы түйін – ол осы бір экожүйемен тамырластық біртекті шаруашылыққа негіз болумен бірге әлеумет тоғыстырушы, әлеуметтік қатынас тұтастығын қамтамасыз етуші феномен қызметін атқарып

тұрғандығы. Егер тұрмыс табиғатқа бағынса, ал қазақ жұртының тұтастығы, оның біртекті тұрмыс-тіршілігіне тәуелді болып тұрған. Құдайберген Жұбановтың «мал басын бірігіп қорғау» қазақ халқының ең негізгі, ең басты шаруасы деуінің құпиясы осында болар. Сол бір табиғаттың сүрең құбылыстарынан да, көшпелі малшаруашылығынан да туындаған қиындықтардың ортақ болуы, онымен жұмыла жүріп күресу, одан бірлесе жүріп жол табу, мал басын табиғи апаттардан бірігіп қорғау қазақ әлеуметін ынтымақта болуға интермелеген фактор болды десек қателеспейміз. Сондықтан, біздің пікірімізше, дала кеңістігі қазақ қауымы үшін тек тіршілік тірегі ғана болып қалған жоқ, сонымен бірге әлеуметтік бірлігі болмысын қалыптастыруға әдіснамалық негіз болды. Осыдан қазақ әулетін бірлікке жұмылдыратын «жерді жамандама, кіретін көрің», – дейтін онто-эгологиялық уникум түсінік қалыптасты.

Осыдан қазақ әлеуметінің бірлігінің теориялық-әдіснамалық негізіне қатысты туындайтын екінші бір ой-түйін – ол сол бір кең байтақ даламен, көшпелі өмір-салтымен, малмен біте қайнасқан руханилық бітімінен қазақ шешендерінің өрбіткен көзқарасы мен наным-сенімдерінің өзекті постулаттарының негізінде адам баласының табиғатпен тіл табысу идеясының көтерілуі. Көшпелі қазақ үшін табиғатты бағындыру емес, табиғатпен тіл табысу өмір сүрудің бірден-бір басты кепілі болды. Осы орайда, «айтқан сөзі – құрған қақпандай» болған деген ұлттық әлеуметтік нормаға сүйенсек, Майқы бидің: «Бұлт қайда орнаса, береке сонда шөгеді», «Ел сүйгендей досың болсын, жер сүйгендей қосың болсын», – деген шешендік мақалдар дала ділмарларының табиғатпен тіл табысудың өнегелік жолын сілтеп, метатеориялық көзқарасты аңғартады. Асан қайғы шешеннің поэтикалық шумақтарындағы афоризмдерінен экожүйенің ыңғайына жүгіне келе, табиғатпен тіл табыса отырып, өмір сүру ұстанымын мынадан байқауға болады: «Көлде жүрген қоңыр қаз, қыр қадірін не білсін! Қырда жүрген дуадақ, су қадірін не білсін! Көшіп-қонып көрмеген, Жер қадірін не білсін!». Сонымен бірге, «Қара жерді жамандама, кіретұғын көріңді» – дейтін шешендік өсиет сөздерде туған табиғатты сүйе біл, сыйлап, құрметтей біл дейтін насихат бар. Осы айтылғандарды қазақ даласында әлеуметтік иерархияның әртүрлі сатыларында тұрған топтардың өзара азаматтық татулығымен әлеуметтік бірлік, үйлесімділігі тұрғысынан қарастыруға болады. Бұл тұстағы

ұлттық әлеуметтік әдіснама не дейтін болсақ, сөз қадірі арқылы өз қадірін өлшеген қазақ елі өзін бүкіл табиғат әлемінің құрамдас бөлігі екенін мойындап, бүкіл макроәлем мен микроәлемнің тұтастығын әлеуметтік бірлік пен тұтастық бастамасы деп есептелген. Сол әлемдік тұтастықтың кепілі – әлеуметтік бірлік деп мойындалған. Оның бұзылуы үлкен қасірет деп есептеліп, оны сақтаудың кілті адамзат татулығында, бірлігінде, ынтымағында деп білген. Бұған Арыстан бидің Бәйдібек биге білдірген: «...Жер нәсібі – ел нәсібі, ел нәсібі – ер нәсібі. Жер мен малдың кіндігі бір деген. Ары тұр демей-ақ қояйын. Жер менікі емес, құдайдікі. Құдайдың жері бәрімізге жетеді. Еркін жайлап, қыстап шығындар», – дейтін шешендік уәжі кепіл болады.

Сондықтан шешендік сөз өнеріндегі адам мен табиғат, табиғат пен мал арасындағы өзара сабақтастық байланысты көрсету үрдісі әлеуметтің татулығы, бірлігі, ынтымағын ұйымдастырушы, реттеуші әлеуметтік күш ретіндегі әлеуметтік қағида деңгейіне немесе әлеуметтік-теориялық әдіснама тұғырына көтерілген. Ұлы Дала, қуаң табиғат, көшпелі өмір сол бір қазақ маңдайына жазылған соң, дала ділмарлары сол жағдайға көндігудің бірден-бір кепілі – адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүру қажет деген идеяны меңзейді. Бұл қажеттілікті терең сезінген шешендер «ексең емерсің» деген принципті тіршіліктің тірегі етіп бекіткендей болады. Олай болса, шешендердің айтпағы – әлемдік үйлесімділік сақталуы үшін адам мен табиғат және адам мен адам арасындағы татулық пен бірлік, ынтымақ сақталуы керек дейтін ой. Міне, бұл қазақ қоғамындағы азаматтық татулық пен әлеуметтік тұтастықтың орнығу механизмін көрсетудің бір сүлесі деп айтар едік.

Үшіншіден, дала қоғамындағы әлеуметтік бірлік тұтастығына негіз болатын онтологиялық бастаманың бірі – жарық дүниеге, адамзаттың бұл дүниедегі жалған өміріне және о дүниеге деген ерекше танымы деп айтуға болады. Қазақ шешендері жарық дүние – «адам ғұмыры», бұл дүние, о дүние деген сияқты рухани құндылықтарды тілге тиек ете отырып халықты азаматтық татулыққа шақырады.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ шешендерінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтарды, әсіресе **бай мен кедейді, жарлы, жалшыны, маллай мен күнді** өзара тату тұруға, әлеуметтік бірлікке шақырған рухани қаһармандығын айтуға болады. Олар көшпенді қазақ қауымы

арасындағы әлеуметтік қатынаста экономикалық кіріштілікте ұстау принциптерінен көрі, қазақ даласындағы дәстүрлі қоғамға тән ішкі этникалық бірлігінің бастамалары болып табылатын рухани-имандылық бастамаларды бірінші орынға қойған. Оған, Әйтеке бидің:

Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,
Бай болып пайдаң тимесе...
Жұрттан ала бөтен үйің күйсін, -

дегені, Бұхар бидің: «Қу таяқты кедейге, мал бітпейді деменіз. Жарлы байға теңеліп, жарыса қонбас деменіз», – деген шешендік толғаулары дәлел болады.

Мұнда қазақ би-шешендері әлеуметтік бірлік теориясын, ең алдымен адам бостандығы мен кісілік қасиеттердің ара-қатынас логикасына бағындырады. Яғни, еркіндік индивидтердің эгоистік, пендешілік әрекеттерін шектеуге бағытталуы тиіс. Бұл концепцияның көріну формасын дала ділмарларының әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқауыл болу позицияларынан байқауға болады. Мәселен, Балпық би: «Қу таяқты кедейге дәулет бітпес деме, бақ пен дәулет басымнан кетпес деме», – десе, Досбол шешен: «Дүниедегі жанды-жансыз заттардың пірсіз болмайды, бәрінің де өз пірлері болады. Солардың ішінде, жарлының пірі – қалтаң ата», – деп келтіреді. Қазыбек би: «Елім өссін десен өршіл болма, өскеніңді өшіресің» – десе, Тайкелтір шешен: «Өгізді өлеңге байладық, өрлікті төменге байладық», – деп толғайды. Осылайша шешендер еркіндікке кісілікті өлшем етіп, адам іс-әрекеті мен мінезін шектеуші қоғамдық императивті қалыптастырады. Мұндай әлеуметтік сананың әлеуметті біріктіруші күш болатынын Қазыбек бидің мына айтқанынан көруге болады: «Арға мінажат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па».

Осы орайда Бөлтiрiк шешен: «Бәрінен жолдас-жорамен, ағайын-туысыңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз десіп, сүрген өмірге не жетсін», Қабан би:

Ай, мұсылман, жарандар,
Малыңнан зекет беріңіз.
Бірлігін халықтың біліңіз, – дей келіп,

Аз өмірдің ішінде, тату бол да тәтті бол, – деген бәтуалы сөз айтады. Олай болса, Төле бидің сөзімен айтқанда, «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек», – деген тұжырымға келеміз. Жоғарыда келтірілген мысалдар тізбегі қазақ би-шешендерінің бұл дүниедегі тіршілік сипаты о дүниедегі трансценденттік әлемдегі алатын орнының өлшемі болатындығын ескерте келіп, ол бұл дүниелік әлеуметтік болмыстағы қоғамдық қатынас тұтастығына онтологиялық бастама болатындығы жөнінде идея көтереді.

Қорыта келгенде, қазақ қауымының бір-бірімен азаматтық татулық пен әлеуметтік бірлікте тұруының басты тұтқасы ретінде ортақ құндылықты алға тартады. Ол «жарық дүние» – бүкіл адамзатқа ортақ кеңістік. Осыдан шешенбилер барлықадамға сыйласу – ортақ міндет, ортақ құндылық дегенге келтіреді. Демек, олар қауымдастықтағы азаматтық татулықты, әлеумет тұтастығы мен бірлігін, қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты тұтқалары деңгейіне көтере білді.

Би-шешендер адамзаттың дүниеге келуі мен дүниеден кету жолының бір екендігін мойындай отырып та адам мен әлеуметтік ортаның онтостық байланысын анықтаған. Осы арқылы адамзат баласын әлеуметтік бірлікке, азаматтық ынтымақ пен татулыққа шақырады. Осы орайда би-шешендер: «Тірлігінде құс төсекте жатсаң да, өлсең орның – қара жер» (Балпық би), «Жан денеге қонақ, тіршілікте еткен жақсылық – бұл өмірден өткенде өзіңмен кетер сол-ақ» (Досбол шешен), «Бай болып ешкім жаппас жердің жүзін» (Балпық би), «Адамға дос бола ма жиған мүлік» (Итеш шешен), – деп толғайды. Сондықтан, әр жеке адам болмысы жалпы бүкіладамзаттың әлеуметтік болмыс кеңістігін құрайтындығын, әлеуметтік жүйенің тағдыры адам болмысына тәуелді болатындығын дәлелдеп отыр. Демек адамсыз әлеумет, әлеуметсіз адам болмайды дейтін онтологиялық парадигма туындайды. Адам мен әлеумет – бір-біріне онтостық бастама. Әлеуметтік орта адам үшін – онтоорта, онтокеңістік. Міне, бұл да әлеуметтік бірлік мәселесінің теориялық-әдістемелік тұғырнамасының бір қырын көрсетпек.

Әдебиеттер

1 Елбасының Тараз қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монументтің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. Тараз. 02.10.2015.//Егемен Қазақстан. 09.10.2015. №193

- 2 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 бет.
- 3 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.
- 4 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналысында сөйлеген сөзі. Астана. 12.09.2015.// Егемен Қазақстан 12.09. 2015. №174.

References

- 1 Elbasinin Taraz kalasinda Kazakh khandiginin 550 jildigina arналған monumenttin ashilu rasiminde soilegen sozi. Taraz. 02.10.2015 // Egemen Kazakhstan. 09.10.2015. №193
- 2 Seidimbek A. Kazakh alemi. – Almaty: Sanat, 1997. – P. 464.
- 3 Jaspers K. Smisl i naznachenie istorii. – M., Politicdat, 1991. – P. 527.
- 4 KR Presidenti N. Nazarbaevtin Kazakh khandiginin 550 jildigina arналған saltanatti jinalisinda soilegen sozi. Astana. 12.09.2015.// Egemen Kazakhstan 12.09. 2015. №174.